

БИБІГҮЛ ТӨЛЕГЕНОВА: ЕҢ ҮЛКЕН БАҚЫТ – ЕЛ СЕНІМІ

Мен орыстарға, украиндарға, беларусьтарға, аялы алақанына салып хан көтеріп отырған өз халқыма борыштымын. Мен әбдан қалжыраған кезде, «Қане, қызым, кішкене демінді алшы», – деп алдына отырғызып, бауырына қысатын Даша апайдан бастап, «Қазақ вальсінің» тұңғыш нотасын үйреткен Павел Брайловскийге (Ленинград блокадасы тұсында Семейде болған опера және балет театрының әртісі) дейін өтейтін парызым бар. Бір қызығы, Күләш осы әнді радиодан орындаған кезде мен он бір жаста едім. Алты жылдан соң ән мені тауып, Алматы сахнасында орындаған кезде Күләш апай: – «Ән иесін тапқан екен. Қуаныштымын!», – деп риза көңіл білдіріп еді. Ол кісінің «Қазақ вальсін» содан былайғы жерде орындағанын естігем жоқ.

Өнер жолы нәзік жол. Сүріну де, күйіну де аз болмайды. Мүлт етіп көргенім жоқ деген адам – өз кемшілігін көре алмаған, қателігін мойындай білмеген адам. Шығармашылық өсу сол қателігін мойындаудан басталады. Ән де шағын спектакль. Ондағы көзге көрінбейтін, тек жүрекпен ұғатын образға енбей, ішкі иірімдеріндегі нәзік тартысты түсінбей, «ән айттым» деу – ағаттық. Күләш Байсейітова да, Қазақ ССР халық әртісі Надежда Самышина да біздің әрқайсысымыздан осыны талап ететін. Мен Күләш апайдың сахнаға ойнау үшін шыққанын көрген едім. Ол өз ролінде өмір сүру үшін, мың өліп, мың тірілу үшін шығатын. Сондықтан да «аққудайын сыланып, тотыдайын таранған» Қыз Жібекті, жаны да, тәні де нәзік, сезімтал Чио-Чио-Санды, махаббат періштесі Татьянаны дәл Күләштей орындай алмайды, ешкім қайталай да алмайды.

Гуноның «Ромео мен Джульетта» операсындағы Джульетта партиясын орындауды армандап жүретінмін. Сол арманым 1951 жылы қол жеткіздім. Бірақ Күләш үзілді-кесілді бас тартты. Отыз тоғызға шыққан актриса Шекспирдің жас аруын ойнауды мүлде ерсі көрген еді. Бұл қай-қайсысымызға бара бермейтін батыл қадам, ойдағыдай шешім еді.

Міне, осындай бір сәтте менің опера және балет театрымен қоштаса тұруіме тура келді. Вердидің «Риголетто» операсындағы Джильда партиясы менің операдағы алғашқы қадамым еді. Жүз біріншісінде қоштасудың реті келді. Сол кезде Күләш апай: – «Өнерде өз соқпағыңды салу оңай емес. Сен театрдағы үшінші ұрпақ өкілісің. Ал маған бірінші болу әлдеқайда қиынға түсті. Әлем классикасын меңгерген әншіге тек мұқалмас жігер ғана қанат бітіреді», – деп қайрат бергені әлі есімде.

Бибігүл Төлегенова : Ең үлкен бақыт – ел сенімі / сұхбат.: С. Әбдірайымов // Қазақ әдебиеті. – 1985. – 22 ақпан.